

Әлемнің жарығын сыйладың, сен маған...

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

6 наурыз
сенбі

№18 (1720)

2021 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmesht.kz@mail.ru

апталығы



наурыз

АНА

*Құлайын деп бара жатам құлдырап,
Көңлім жүдеп, көзім алды бұлдырап,
Сол кезде бір ән естимін жақыннан,
Аққан бұлақ секілденген сылдырап.*

*Есім жиып, өз бойымды тік ұстап,
Тіршіліктің әуенімен тыныстап,
Сергімін де сезім гүлін құлпытрам,
Кел дегендей болады бір күміс бақ.*

*Сөңдім-ау деп, өлдім-ау деп ышқынып,
Қалған кезде бойымдағы күш бұғып,
Сөнбейсің деп дауыстайды анашым,
Мен орымнан жығыламын үш тұрып.*

*Ойнап шығам содан кейін құрақтай,
Жарқылдаймын жүрегімді жылатпай,
Мүмкін, мүмкін ана махаббаты
шығар бұл,
Мені сүйеп келе жатқан құлатпай.*

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ



Кенжекей
САТМАХАНОВА:

«Ұядан алты қарлығаш ұшырдым»

Қыз – өмірдің гүлі. Барлық адамзаттың қадірлеп, аялайтын асыл аруы. Қыз баланы қазаққа кішкентайынан мәпелеп, аялап өсірген. «Қыз әкесін тозақтан қорғаушы, әйел күйеуінің иманының жартысы, ал жәннат ананың табанының астында» дейді халық даналығы.

Қыздың орны қашанда төр. «Үш қызы бар жұмаққа барады» дейді. Ел ішінде рахатты қыздан көріп отырғандар да бар. Соның бірі – Қарауылтөбе ауылдық округіндегі Пірмановтар отбасы. Кенжекей Сатмаханова алты қызды өмірге әкелген ана. Аманбай Пірманов екеуі көңіл жарастырып, Аманкелді ауылына келін болып түскен. Екеуі осылайша алты қыздың ата-анасы атанды.

– Өмірге алты қыз әкелдім. Алты қарлығашымды да ұядан ұшырдым. Құдайға шүкір, күйеуім қыз таба берсең деп үйден қуған жоқ. Басқалар секілді ұл туып беретін басқа әйел аламын демеді. «Сен қыз туғанына қуан.

Қыз көре алмай жүрген отбасы қаншама?» деп қолдау көрсетті. Сол үшін наурыздың біріне отағасына алғыс айттым. Қыздарымның бәрін құтты орнына қондырып, немере сүйіп отырым, – дейді Кенжекей ана.

Кенжекей ананың шаңырағында бауырмалдық, бірлік пен береке салтанат құрып, көпке үлгі болуда.

Дүниеге алты қыз әкеліп, оларды мәпелеп өсірген ананы қалай мақтасақ та жарасады.

Кенжекей Сатмаханова бухгалтер болып еңбек еткен. Бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отыр. Отағасы Аманбай Пірмановпен шаңырақ көтергеніне биыл 50 жыл толады екен. Қыздары Алма, Мариям, Айжан, Райхан, Гүлжазира, Ұлдай әрдайым анасының тәлім-тәрбиесін өз ұрпағына үлгі етіп отырады.

– Анамыз әкеміздің жарқылдап жүруіне жағдай жасай отырып, бізді де бағып-қақты, шаруаға үйретті. Қазақтың салт-дәстүрін берік ұстанған анамыздың дастарқаны жаюлы, қазаны асулы тұратын. Бізді жұмысқа аямай-ақ салды. Біріміз тамақ істесек, екіншіміз ауланы сыпырамыз, енді біріміз қорадағы малды жайғаймыз. Сөйтіп жүріп сабағымызды әзірлеуге үлгереміз. Жалпы ауылда бізге қызығатындар көп, – дейді кенже қызы Ұлдай.

Жетпіс жастан асқан Кенжекей анамыздың өмірі көпке үлгі. Өнегесі мол жанның ұлағатты әңгімесін тыңдауға өз ұрпағы ғана емес, жақын-жуық, ағайын-туыс да жиі жиналады. Маған елдің тыныштығын ауылдағы осындай асыл аналардың тәлім-тәрбиесі сақтап тұрғандай болып көрінеді.

Жарасхан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ
Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

ҚҰТТЫҚТАУ

АРДАҚТЫ АНАЛАР, АЯУЛЫ АРУЛАР!

Сіздерді бүкіл дүниені шуағына бөлеп, тыныс-тіршілігімізге нәр берген шұғылалы көктеммен қатар келген 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіз еліміздегі бейбіт тірліктің, мызғымас бірліктің, жарқын болашаққа деген сенімнің, ізгілік пен мейірімділіктің ұйытқысы асыл аналарымыз, аяулы аруларымыз екені белгілі. Жаратылысынан жандары жылуға, жүректері сезім мен сырға толы, тіршілігіміздің сәні болған әйелдер қауымына аймен таласқан әсемдік те, көреген көсемдік те, мейірім мен нәзіктік те тән.

Әр шаңыраққа шырақ, еріне қуат, бала-шағасына шуақ болып отырған арулар қауымымыз денсаулық сақтау, білім, мәдениет, журналистика, қаржы, әлеуметтік қамсыздандыру сынды халқымыз үшін ең маңызды салаларды елестету тіпті мүмкін емес.

Бүгінгі біздің қоғамда «саясаткер әйел», «қайраткер әйел», «кәсіпкер әйел» секілді ұғымдарының әбден орнығуы нәзік жандардың қай салада болмасын ерлермен иық тіресе жұмыс істей алатындығын көрсетсе керек.

Анасын асылым деп санайтын, апа-жеңгелерін қымбатына балайтын, қарындасын қарлығашым деп қадірлейтін, өмірінің қосағы сүйікті жары мен тәтті сезімінің жемісі өз қызын жанындай жақсы көретін ерлер қауымының Сіздерге деген құрметі мен ілтипаты қашан да шексіз.

Ел тәуелсіздігін нығайту жолында отбасы мен қоғам жүгін қатар аркалап, қайыспай көтеріп жүрген барлық нәзік жандарымызға айтар алғысымыз шексіз!

Шуақты мереке сіздерге жылылығы мен жақсылығын, берекесі мен молшылығын, ырысы мен қуанышын ала келсін, аяулы арулар!

Бүгінгідей мерейлі мерекелеріңізде Сіздердің дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, береке-бірлік пен қуаныш тілеймін!

Мерекелеріңіз тағы да құтты болсын құрметті арулар!

Ізгі ниетпен,
Қызылорда
қаласының әкімі
Нұрлыбек
НӨЛІБАЕВ

САРАПТАМА

«Әйел деп саған қарамай, Азамат деп танысын...»

Табиғатына нәзіктік тән әйелдердің қоғамда орны бөлек. Көктеммен қабаттаса жететін мереке күні нәзік жандарға бар жақсы тілекті арнаймыз. Ал басқа күні ше? Жалпы елімізде әйелдерге қамқорлық қандай? Мереке қарсаңында елімізде әйелдер үшін жасалып жатқан қамқорлық пен қолдауға шолу жасап көрдік.



МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

Елімізде әйелдерді қолдауға арналған маңызды құжат бар. Елімізде 1996 жылы Тұңғыш Президент Жарлығымен «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы» қабылданды. Отбасылық құндылықтардан бастап, ана мен балаға жағдай жасау, әйелдерді қоғамдағы кемсітушілік, зорлық-зомбылықтан сақтау, олардың ерлермен тең дәрежеде жұмыспен қамтылуына мүмкіндік беру, нәзік жандардың кәсіппен айналысуын қолдау, бәрі-бәрі қамтылған. Бір қуанарлығы, құжатта дамыған елдердегі ана мен балаға, отбасына жасалған жағдайды үлгі етуі тәуелсіз мемлекеттің маңызды құжатының мақсатын айқындай түскендей. Тұжырымдаманың алға қойған мақсаты жыл өткен сайын орындала бастағанына да көз жеткізуге болады.

2 БЕТТЕ

СҰХБАТ

ҚАЗАК, ҚОБЫЗ – ЕГІЗ ҰҒЫМ



Бабалар мұрасын ардақтау – бүгінгі буынның аласармас міндеті. Өркениеттер жетістігін бағамдауға да, ұлтты қатарға қосуға да туған жердің мұрасын жете танымай қол жетпесі анық. Оның үстіне өзіңде барды ұқсата алмай, өткеніңді бағамдамасаң өзгенің «қаңсығы» жамау болатыны тағы бар. Сол себепті Сыр елінің рухани қазынасына айналған Қорқыт бабаның мұрасын ұлықтау, қасиетті қобыз аспабын жаңғырту – тек ұлт іргесін бекіту жолындағы құнды қадам емес, әлем назарын қазақ өнеріне аударудың төте әдісі. Бұл бағытта Сыр өңірінде біршама игі бастама қолға алынып, тіпті Қорқыт ата мұрасы ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізілген. Ізінше аймақ орталығында «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылып, Қорқыт ата мен қобызды қатар ұлықтауға жол ашылғаны белгілі. Бұл барша түркі жұртының ортақ қуанышына айналды. Осыған орай апта басында ансамбльдің көркемдік жетекшісі, «Мәдениет саласының үздігі» төсбелгісінің иегері, қобызшы Салтанат Пұсырмановамен сұхбаттасудың сәті түсті.

2 БЕТТЕ

«БИЗНЕСТЕГІ ӘЙЕЛДЕР» БАҒДАРЛАМАСЫ

Ел Үкіметі мен «Еуропа Қайта құру және Даму» банкі «Бизнесітегі әйелдер» бағдарламасын іске асыру үшін келісімге қол қойды. 2015 жылдан бері жүзеге асып келе жатқан бағдарлама кәсіпкерліктегі нәзік жандарға қолдау болды. Аты айтып тұрғандай, бұл бағдарлама әйелдер басқаратын кәсіпорындарды қолдау үшін әзірленген. Бүгінде бұл бағдарлама үш банк арқылы жүзеге асуда. Атап айтқанда «HalykBank», «БанкЦентрКредит», «ForteBank» арқылы төмен процентпен несие беріледі.

Кәсіпкер әйелдерге қолдау жайын облыстағы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жанындағы «Іскер әйелдер» кеңесінің жетекшісі Жанна Амановадан сұрадық. Әрдайым өңірдегі кәсіпкер әйелдерге қолдау көрсетіп жүретін ол карантин уақыты кәсіпкерлер үшін оңай болмағанын айтты. Оның ішінде кәсіпкер әйелдердің көбі өз кәсібін тоқтатқанын да жасырмады.

– Карантин уақытында нәтижелі жұмыс істедік деп айту қиын. Кәсіпкерлерге оңай болған жоқ. Қаншама бизнес тұралап қалды. Енді ғана тәй-тәй басқандай, біртіндеп іске қосылуда. Қиын кезде «Кәсіпкер әйелдер» бағдарламасын тұрақты жүргізуге тырыстық. Бұл «Еуропа Қайта құру және Даму» банкінің қолдауымен жүзеге асып келе жатқан кәсіпкер әйелдерді қаржылай емес қолдау. Бағдарламаның мақсаты – кәсіпкер әйелдердің білімін жетілдіру, құжаттармен жұмыс істеуге үйрету. Әрине, бұл – оларға үлкен көмек. Семинар-сабақтар бүгінде онлайн жүргізілуде, – дейді Жанна Аманова.

«ӘЙЕЛ ҒОЙ» ДЕГЕН КЕЙ КӨЗҚАРАС КӘСІБІМІЗГЕ ЗИЯНЫН ТИГІЗЕДІ

Бір отбасының ғана емес, бірнеше отбасының табыс көзіне айналған шағын кәсіпкерліктің төтенше жағдай әсерімен тұралап қалуы оңайға соққан жоқ. Карантин кезінде қиындықты бастан өткерген кәсіпкер әйелдің бірі – Ғалия Мұхамедиярова. 2014 жылы бала күтімімен үйде отырып, бір кәсіп бастауға тәуекел еткен ол өз бизнесін үйден бастайды. Түрлі тәттілерді пісіретін нәзік жан несие алмай-ақ кәсіп бастап, тапқан пайдасын жинап қажетті құрал-жабдықтар сатып алады. Жыл өткен сайын кәсібі өркендеп, «Фаст-фуд» кафе мен кондитерлік дүкен ашады. Карантин кезінде кафеісін уақытша жауып, қызметкерлерін ақысыз демалысқа жіберуге мәжбүр болған кәсіпкер кондитерлік дүкенінің жұмыс істеп тұрғанына қуанады. Дегенмен жаймашуақ күндердегідей емес, тапсырыс азайған. Аман нешік, мұнда да штатты қысқартуға тура келген. Ғалия тұралаған қаншама кәсіптің қайтадан аяққа тұруы үшін қолдау қажет екенін айтты. «Кәсіпкер әйелдерге арналған грант бөлінсе деймін. Карантин оңай болмады ғой» дейді ол. Кәсіпкерлер үшін мемлекеттің қолдау шаралары болғанымен қоғамда нәзік жандарға деген көзқарас басқаша екенін де жасырмады. Әйелді ерлерден бір саты төмен бағалайтыны іскерлік әлемінде де сезіледі екен.

– Қоғамның әйелге деген көзқарасы басқа екені күнделікті іс барысында сезіледі. Бір ғана мысал айтайын, дүкенге электр

Басы 1-бетте

ҚАЗАҚ, ҚОБЫЗ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

– Салтанат Сухамберліқызы, алдымен өзіңіз жетекшілік ететін «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблінің құрылу тарихын айтып өтесіз?

– Өзіңіз білетіндей, 2018 жылы «Қорқыт ата мұрасы: дастан, аңыз және музыка» атауымен ЮНЕСКО-ның материалдық емес мұралары тізіміне енді. Соған орай Қорқыт ата мұраларын насихаттауға бағытталған 5 жылдық кешенді іс-шаралар жоспары әзірленген болатын. Жоспар аясында 2020 жылы 3 ақпанда Қызылорда облыстық филармониясы жанынан «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылды. «Қорқыт сазы» ансамблі құрылғалы көптеген концерт ұйымдастырылды. Онлайн шаралар да қалыс қалмады. Тіпті, Қорқыт ата кесенесіне барып, бабаның батасын алу мақсатында фильм-концерт түсіріліп, бейнебаян әзірленді. Бұл – Қорқыт бабаның күйлерін насихаттау мақсатында басталған игі жоба.

Бүгінде ансамблдің құрамында 17 қобызшы, 1 жетігенші, 1 сүйемелдеуші бар. Құрамның білім-білігі де осал емес. Барлығы талантты, ізденімпаз мамандар. Ансамблдің құрамында Қазақ ұлттық музыка академиясы мен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының түлектері еңбек етеді.

– Ансамблдің қоржынында қандай шығармалар бар?

– Ансамблдің репертуарында 40-тан астам шығарма бар. Оның

Басы 1-бетте

«Әйел деп саған қарамай, Азамат деп танысын...»

желісін жүргізу керек болды. Электрикер кесімді бағасын айтты. Кейіннен бұл қызметке екі есе қымбат ақша төлегенімді білдім. Ал кәсіпкер азаматтар мұндай шығынға жол бермейтіні белгілі. «Әйел ғой» деп қарайтын осындай көзқарастардың болғаны қиын, – дейді нәзік жан.

Қоғамдағы шынайы жағдайды жасырмаған ол мұндай кедергілерге қарамастан кәсібін дөңгелетіп келеді. Шағын кәсібі өзінің ғана емес, қаншама отбасының несібісі, қанша адамның сенімі. Мереке қарсаңында нәзік жанға өлең жолдарында жазылғандай, «Әйел деп саған қарамай, азамат деп танысын» деген тілегімізді білдірдік. Шынында кәсіпті дөңгелету азаматтық емес пе?!

«1 МИЛЛИОННАН АСТАМ АДАМДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫП ОТЫР»...

Тәуелсіздік алған жылдардан бері елімізде кәсіпкерліктің қанат жаюына әйелдердің үлесі бар. Мемлекеттің әйелдер кәсіпкерлігін айрықша қолдауы нәтижесіз емес. Мұны Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Әйелдердің экономикалық мүмкіндіктерін арттыру шаралары мен құралдары» атты конференцияға жолдаған бейнеүндеуінде атап айтты.

– Әйелдердің қоғамдағы ролін кеңейте түсу мемлекетіміздің алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі. Осыған орай нақты шаралар қолға алынды. Соның арқасында еліміздегі шағын және орта бизнес саласында еңбек ететін әйелдердің үлесі 43 проценттен асты. Іскер аруларымыздың арқасында 1 миллионнан астам азаматымыз тұрақты жұмыспен қамтылып отыр, – деді Мемлекет басшысы.

Елімізде кәсіпкер әйелдерді қолдау тұрақты. Дәйектерге сүйенсек, бір ғана «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры тарапынан қолдау тапқан барлық жобалардың 51 проценттен астамы әйелдер кәсіпкерлігіне арналған. Мұндай жобалардың жалпы сомасы 1,26 триллион теңгені құраған.

– Әйелдер кәсіпкерлігі әдетте білім беру саласында – 68 процент, жылжымайтын мүлік операцияларына қатысты салада – 60, баспанаға орналасу және тамақтану қызметтері саласында – 58 процент. Кәсіпкерлікті дамыту және қолдау жөнінде мемлекеттік саясатты іске асырып отырған даму институты ретінде әйелдер кәсіпкерлігінің өнеркәсіптік өңдеу саласына бет бұрғаны жайында жақсы көрсеткіш бізді қуантады. Қор клиенттерінің орташа

статистикалық келбеті: әр екінші клиент орташа жылдық табысы 67 млн теңге шамасында, 3 млн теңге салық төлеп, 10 адамды жұмыспен қамтып отырған жеке кәсіпкерлікпен айналысатын 39-40 жас шамасындағы әйел, – дейді «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Басқарма төрайымы Гүлһар Бөрібаева.

Кәсіпкерлік саласындағы нәзік жандарды қолдау әлде де күшеймек. Алдағы уақытта еліміздің барлық өңірінде әйелдер кәсіпкерлігін дамыту бағытында жұмыс істейтін 17 орталық құрылмақ.

«ӘЙЕЛДЕР ИПОТЕКАСЫ»

Жыл басынан нәзік жандар үшін жағымды жаңалық айтыла бастады. Елімізде «Әйелдерге арналған ипотека» жобасы жүзеге аспақ. Тұрғын үй саласында гендерлік теңдікті жетілдіру мақсатында әйелдерге арналған ипотека жобасын «Отбасы банкі» Азия даму банкімен бірлесіп жүзеге асырмақ.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, елімізде 9,1 миллион нәзік жандар болса, оның 4,4 миллионы жұмыс істейді. Ерлерге қарағанда әйелдер табысының аздығы олардың тұрғын үй алу үшін несие рәсімдеуіне кедергісін тигізетіні белгілі.

– Жақын арада «Отбасы банкі» Азия даму банкімен бірлесіп, әйелдерге ипотекалық несие беру бағдарламасын іске қосуды жоспарлап отырмыз. Бұл Азиядағы, бәлкім әлем бойынша да, бірінші рет іске қосылатын әйелдерге арналған ипотека бағдарламасы. Бағдарламаны жүзеге асыру мақсатында Азия даму банкінен 38 млрд теңге қаражат тартылды, – дейді «Отбасы банкі» АҚ Басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова.

АРУЛАР ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Мереке қарсаңында қала әкімінің орынбасары Асқарбек Есжанов ұстаздар қауымын қабылдап, шаһар басшысының құттықтауын жеткізді.

Жиында өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беріп, ел азаматы болып қалыптасуына тер төгіп жүрген мәртебелі мамандық иелерін мерекемен құттықтаған әкім орынбасары оларға қала әкімінің алғыс хатын табыстады.

– Айтулы күні шәкірттеріңізге көрсеткен мейірімдеріңіз бен ұрпақ



тәрбиесіндегі төзімділіктеріңіз үшін алғыс айтамыз, – деді ол.

Ұстаздар да өз кезегінде үнемі еңбекті ескеріп, мұғалім мерейін үстем еткен шаһар басшысының атына алғыс айтты.



жеткізуге қобызшылар да барын салып келеді. Аталған жетістіктер ансамбль құрамының табандылығының нәтижесі екені сөзсіз.

– Қобызшылар ансамблің Сыр өңірі қалай қабылдады?

– «Қорқыт сазы» ансамблі құрылғалы көптеген концерт ұйымдастырылды. Онлайн шаралар да қалыс қалмады. Әрбір концертте тыңдарман ерекше ықылас қойып тыңдап, ұлттық өнерге деген қамқор көңілін білдіріп жатады. Мысалы, жақында «Сарын» атты 1 жылдық есепті концерт өтті. Кешке қызығушылық танытып, тамашалауға келген тұрғындардың санын көріп, ұлттық мұраға бейжай қарамайтын халықтың көптігіне іштей разы болдық. Тыңдармандардың көшеметі мен ықыласы ерек. Тіпті, Сыр өңірінде осынша көп қобызшының бірігіп, ансамбль құрғанына таңданыс білдіргендер де болды. Шара соңында қарт кісілер батасын беріп, алғаусыз алғысын жаудырып жатты. Қорқыт мұрасын жарыққа шығарып, қобызды насихаттау жолындағы ансамблдің еңбегін жоғары бағалап, тілеулес көңілін білдірді, ағайын. Себебі қазақ, қобыз – егіз ұғым екені ежелден мәлім. Сондықтан Сыр өңірінің киелі аспапқа деген пейілінің тазалығы, ниетінің биіктігі ықыласынан білініп тұрады. Өнер адамы үшін бұдан асқан қандай баға керек?

– Өзіңіз қобызды серік етіп жүрген сала маманысыз. Шығармашылық жаңалығыңызбен бармис кетсеңіз?

ҒЫЛЫМДАҒЫ ҮЛЕСІ

Ғылымдағы әйелдер мен қыздардың халықаралық күні бүкіл әлемде 11 ақпанда атап өтіледі. Бұл мерекені 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы бекіткен. Соңғы жылдары бұл атаулы күн елімізде де аталып, жазыла бастады. Қоғамда «мұндай да күн бар ма?» деген тосын көзқарастар да жылт ете қалғанымен, бұл ғылымдағы нәзік жандарды қолдау үшін қажет екені сөзсіз. Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша Қазақстанда әйел зерттеушілердің үлесі 52 процент екен. Ал өңірімізде ғылымдағы әйелдер үлесі қандай?

– Бүгінде университетте 491 профессор-оқытушылар құрамы қызмет етеді, оның 149-ы ғылыми дәрежелері бар әйел азаматтар. Орта есеппен әйелдер үлесі 29,7 процентті құрайды. Ендігі міндет – жас ғалымдардың PhD докторлардың санын арттыру, – дейді Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің ректоры Бейбітқұл Кәрімова.

Сондай-ақ «Болашақ» университетінің жанында ғылыми зерттеу орталығы жұмыс істейді екен. Бүгінгі күнге дейін әйел ғалымдардың 15 монографиясы, 152 ғылыми мақаласы жарық көрген.

P.S. Қай салада болмасын, нәзік жандар жеткен жетістік аз емес. Әйелдер қаншалықты қайсар, еңбекқор, мықты болса, соншалықты нәзік. Оларға әрдайым қолдау қажет.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



ішінде классикалық, дәстүрлі музыка да қамтылған. Алайда басым бөлігі Қорқыт атаның күйлеріне негізделуде. Бүгінгі таңда Қорқыт бабаның 7 күйін репертуарға енгіздік. Алдағы уақытта ансамбль шеберлігін жетілдіріп, шығарма санын арттыру жоспарда бар.

– Ансамблдің құрылғанына көп болмаса да халықаралық байқауларға қатысып келесіздер. Нәтиже қалай?

– «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблінің құрылғанына жыл толмаса да біршама жетістікке жеттік. Халықаралық байқауларда топ жарып,

ел абыройын асқақтатуға мүмкіндік тулды. Мәселен, Украина елінде өткен «Яскраві таланти осені» байқауында бас жүлдені иеленсек, Лондонда өткен «2020 таланттары» атты фестивалда жеңіс тұғырынан көріндік. Қобыз құдіретін әлем жұртшылығына таныстыру, әсем үнін, өзіндік бояуын нақышына келтіре

– Бүгінде Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінде қобыз аспабының оқытушысымын. Ұс-таздық жолға түскеніме 30 жылдан астам уақыт болды. Шәкірттерім Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық оркестрі, Ақтөбе халық аспаптар оркестрі және Астана филармониясының халық аспаптар оркестрі секілді беделді ұжымдарда қызмет атқаруда. Олардың қобызға деген ынтымы мен талабы зор. Үнемі ізденісте жүреді.

2007 жылдан бастап Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрінде қобызшылар тобының концертмейстері болып жұмыс істедім. «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылғалы көркемдік жетекші қызметін атқарып келемін.

– Ансамблдің алдағы жоспарымен бөліссеніз?

– Әлемді жайлаған індет салдарынан біршама бастама уақытша кейінге шегеріліп, кейбір концертті онлайн форматта ұйымдастыруға тура келді. Ел аман, жұрт тыныш болса, әлі талай мақсат-міндет бар. Мысалы, 31 наурызда «Көктем лебі» атты кезекті концертті көрермен назарына ұсыну жоспарланған. Концерттік бағдарламада академик Ахмет Жұбанов, Ләтиф Хамиди сынды қазақтың белгілі композиторларының шығармаларымен қатар, жас сазгерлердің де туындыларын насихаттау ойда бар.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Ерсін ШАМШАДИН

ТЫНЫМСЫЗ ТІРШІЛІКТІ ТАҢДАҒАН ҒАЛИЯ



Көптен күткен көктем келді. Жылылыққа, мейірімге толы мезгілдің шуақты мерекесі айналаға әдемі көңіл-күй сыйлауда. Бұл әсіресе барша нәзік жандарға ерекше әсер ететіні сөзсіз. Қазақта «әйел бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бар. Бала-шаға қамқорлығы, үй-ішінің берекесі мен отбасының ұйытқысы болу да аналардың мойнында.

Осындай ананың бірі – Ғалия Әбішева. Ол – шаттыққа толы шаңырағында аяулы ана, немерелерінің әзиз әжесі, қоғамда өз орны бар іскер басшы әрі кәсібін дөңгелентіп отырған кәсіпкер, «Ина Жан» балабақшасының құрылтайшысы.

Мереке қарсаңында кейіпкеріміздің жылы лебізін, жана кәсіп иелеріне берер кеңесін тыңдап, мақала әзірлеу үшін қалаға қарасты Баймұрат батыр ауылына жолға шықтық. Келбеті тап-таза ауыл, тұзу көше, көктемгі тіршілікке кіріккен ағайын, бәрі сондай жарасымды.

САУДАДАН БАСТАЛДЫ

Еліміздегі шағын және орта кәсіпкерлік нысандарының басым бөлігін нәзік жандылар басқарады. Жалпы жұмыс істейтін әйелдер үлесі бойынша Қазақстан әлемде Қытайдан кейінгі екінші орында екен. Яғни еліміздегі еңбек күшінің едәуір бөлігі арулардың еншісінде деген сөз. Кәсіпке жауапкершілікпен қарап, әр жобаға жанын беретін нәзік жандар есеп-қисапқа, құжат пен күнделікті жұмыс барысына ұқылты.

– Негізгі өзімнің бітірген мамандығым фельдшерлік болатын. Бірақ ол салада азғана жұмыс істеп, кейіннен кәсіпкерлікке бет бұрдым. Алғашында балаларға печенье сатудан бастадым, – деп өткенін жымия еске алды кейіпкеріміз Ғалия Жұмағалиқызы. Сауда-саттықтан басталған тіршілік бүгінде отбасылық үлкен кәсіпке ұласты. Кәсіпкердің айтуынша, Баймұрат ауылынан дәмхана, шаңтараз, монша, дүкен, балабақша ашқан. Сонымен қатар жақында мал шаруашылығымен айналысуды қолға алды.

БАЛАБАҚШАҒА БЕС ЖЫЛ

Осы күні Ғалия Әбішеваға жақын кәсіптің бірі – «Ина Жан»



балабақшасы. Себебі бұл ауылда бұған дейін балабақша болмаған. Кейіннен кәсіпкерге балабақша салу керектігі жөнінде ұсыныс түседі. Көп ойланбай бірден іске кірісіп, ауылдың балаларына балабақша ашадy. Биыл бұл орталыққа бес жыл толды. Жүз орындыққа арналған балабақшада 3 пен 6 жас аралығындағы бүлдіршіндер тәрбиеленуде. Сондай-ақ балғындар мектеп алды даярлық тобы арқылы мектепке жан-жақты дайындақпен барлады.

Кішкентайларға арнайы безендірілген орталықтағы қызметкерлер де өз жұмы-

сына жинақы, таза, тиянақты, жауапты. Мұнда қазір 24 адам жұмыспен қамтылған. «Ұжымым ұйымшыл әрі ауызбіршілігі мол. Олардың әрбір ісі көңілімнен шығады. Балаларға қарауы, семинарға, түрлі үйірмелерге қатысуында белсенділік бар» – деді балабақша құрылтайшысы. Сонымен бірге бес жылғы жеткен белес те аз емес. Кәсіпкер Ғалия Жұмағалиқызының да, тәрбиеленушілердің де жеткен жетістіктері көзге түсті. Айталық, елордадан келген сертификат, Құрмет грамотасымен, қала әкімінің алғыс

хаттары секілді марапаттар ұжымның басыдан басталған еселі еңбегін байқатты. Оған қоса байқауға қатысқан балалар міндетті түрде жүлделі орын алып келуде. Міне, бұл да балабақшаның мерейі.

ҒАЛИЯНЫҢ ӨМІРЛІК ҰСТАНЫМЫ

Кейіпкеріміз өмірге белсенді болғанымен бойынан ең үлкен қасиетті көре алдық. Ол қандай қасиет десеңіз, қарапайымдылық еді. Иә, күлімдеген жылы жүзді, қарапайым ғана адами қасиетімен айналасын өзіне баурап алатын Ғалия Әбішеваның өмірлік ұстанымы да бар.

– Өмірде тазалықты, адалдықты, еңбекқорлықты жақсы көремін. Сонымен бірге қолымнан келгенше қайырымдылық та жасап тұрамын. Онсыз болмайды. Балабақшаны ашпай тұрған кезде де жан-жағымызға мүмкіндігінше көмек беріп тұрдық. Бұл игі іс жалғасын таба береді, – деді кәсіп иесі.

КӘСІПКЕР КЕҢЕСІ

Кездесу барысында кейіпкеріміз өз кеңесімен де бөлісті.

– Кәсіпті алғаш бастайтын қыз-келіншектерге қорықпау қажет. Мен өз қыздарыма да жиі айтып отырамын. Адам алдына қойған мақсатқа жету үшін нәтиже шығарғанша басынан немесе жарты жолдан тоқтап қалмау керек деп. Бір істі бастаған соң соңына дейін апару қажет. Әрмен қарай адамның ниетіне, ынта-жігеріне қарай жұмыс жүріп кететіні сөзсіз. Тек жалқауланбау керек.

Үкімет тарапынан қолдау көп. Жалпы кәсіпкерлер кәсібін көбіне несие арқылы қолға алады. Осы ретте «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының алар орны зор. Ондағы жаңа жобалардың жас кәсіпкерлерге ықпалы мол. Сол мүмкіндіктің бәрін ретімен пайдаланса деген тілегім бар. Қазір жұмыс істеймін деген адамға жол ашық.

Тағы бір айтарым, өзім қарап жүрмеймін. Тынымсыз тіршілік еткенді ұнатамын. Бұл жерде мәселе, ақшаның жетпегенін де емес. Құдайға шүкір, еткен адал еңбегіне қарай Алла несібесін береді. Тек адам тоқтап қалмауы қажет, – деді кәсіпкер Ғалия.

Әйгілі Наполеон «Өркениетті әрі білімді ұрпақты қалыптасқанын қаласыңдар, бірінші аналарға білім беріңдер» деген екен. Ал қазіргі заманда білім өмірлік тәжірибемен, қоғамдағы белсенділікпен де келетінін ескерсек, ешкімнің қоғам дамуынан қалыс қалуына болмайды. Қазақ жазушысы М.Өзезовтің «Ұлт болам десең бесігіңді түзе» дегені де сол бесікті тербететін әйелдер рөлімен тікелей байланысты.

Тілші түйіні:

Берекелі Баймұрат батыр ауылының кәсіпкері Ғалия Жұмағалиқызымен әңгіме барысында ауылдың ақжүрек адамдарын жақсы көретінін байқадық. «Егер адамның өзі жақсы болса онда оған жақсылар жолығады. Жақсы көзқарас та болады» деді кәсіпкеріміз. Иә, ол рас. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз де жақсы адам. Өмірде осындай жаны жайдарлы жандар көп болсын деген тілекпен біз де қалаға қарай бет алдық...

Ақтоқлын НҰРЛЫБАЙ
Суреттерді түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Табандылық табылса...

Ардақты арулар сан салада еселі еңбек етіп, түрлі маман иесі есебінде құрметке бөленіп келеді. Өткен ғасырда темір тұлпарды тізгініп, соғыста ер азаматпен қатар ерлік көрсеткен нәзік жандар есімі аңызға айналып та үлгерген. Бүгінде абыройлы міндетті мойынға алып, темірдей тәртіп, қатаң қағидаға берік құқық қорғау саласында қызметте жүрген әйелдер қауымы жетерлік. Олар құқықтық білім-білігі, кәсіби ынтасын көрсетумен қатар, қылмыскерді құрықтау ісінде де айшықты із қалдыруда.

Полиция десе көпшіліктің көзіне мығым денелі ер адам елестейтіні анық. Алайда бұл әйелдер тәртіп сақшысы бола алмайды деген сөз емес. Себебі елімізде он екі мыңнан астам нәзік жанды заңның тұтастығын күзетіп, аталған мамандық бойынша жұмыс істеп келеді. Ал Сыр өңірінде, оның ішінде Қызылорда қалалық полиция басқармасында 96 қыз-келіншек қызмет атқарады. Соның бірі – құқық қорғау саласында 15 жылдай еңбек өтілі бар полиция капитаны Гүлзира Ысқакова.

Гүлзира Қуатбекқызы бүгінде жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесінің көмектеке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторы қызметін атқарып келеді. 2007 жылдан бері ел тыныштығы жолында абыройлы қызмет етіп, көмектеке толмағандардың тәртібін қадағалауға елеулі үлес қосты. Еңбекқор жанның адал қызметі ескерусіз қалмай, талай мәрте басқарма басшыларының атынан алғыс хатпен марапатталған.

Полиция қызметі талап ететін батылдық, өжеттілік, қайсарлық сынды қасиеттер оның бойынан көрініс беріп тұрады. Табандылық пен іскерлік арқасында саланың ауыр міндетін атқарып, бағасын асыра білуде. Ол құқық қорғау саласын таңдағанына еш өкінбейтінін айта келе, әріптестер артқан сенім жетіске жетелгенін жеткізді.

– Мен өзімді басқа қызметте елестете де алмаймын. Мінезім де осы салаға лайық деп ойлаймын. Шаршайтын кездерім де болады, әрине. Бірақ көп жағдайда жұмысымнан күш-қуат аламын, – дейді Гүлзира.

Гүлзира – қиындығы мол саланы отбасы жауапкершілігімен қатар көтере білген жан. Бала тәрбиесі мен жанұя берекесін ұштастырып, әріптестеріне үлгі көрсетіп келеді. Жолдасы Еркебұлан Әмірбеков «Қазақавтожол» ЖШС Қызылорда облыстық филиалында қызмет атқарады. Отағасы екеуі Айару мен Иманғали атты екі бала тәрбиелеп, ел қатарлы өмір көшін жалғап келеді. Қызы Айару мектеп оқушысы болса, Иманғали балабақшадағы балдырған.

Гүлзира Қуатбекқызы асыл жар, аяулы ана, білікті маман ретінде көпке үлгі болып келеді. Ел сенімі мен отбасы қолдауы еңбекқор жанды әлі талай биікке шығарары сөзсіз. Іскерлік қабілетімен алға ұмтылған сала маманына толағай табыс тілғейміз.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ

Қоғамда кейде кез келгеннің жүрегі дауаламайтын жұмысты нәзік жандардың атқарып жүргенін көреміз. Әрине, жеген наныңның, тапқан табысыңның адал болғаны жақсы. Мереке қарсаңында көп адамның қолынан келе бермейтін қызметті атқарып жүрген ананы насихаттауды жөн көрдік. Кейіпкеріміз – Гүлайым Сегізқызы.

Төрт баланың анасы атанған жан халықтың мақтауына тұрарлық. Себебі ол құбылмалы ауайының қабағы түнерген ызғарлы күнде де, жүзі жадыраған шуақты күнінде де жұмыста жүреді. Тіпті мына біз шырт ұйқыда жатқан кезде ол қаланы құл-қоқыстан тазартып, келбетін жаңартумен айналысады.

Қаланың қай шетінен болмасын көзге бірден түсетін тазалықшы формасын киіп алып, көше тазалап жүрген жандарды көзіміз шалады. Міне, осы қызметті «Қызылорда тазалығы» серіктестігінде Гүлайым Қарғабаеваның атқарып жүргеніне 16 жыл. Кейбіреулер немқұрайлы қарайтын қала келбеті ол кісі үшін үлкен жауапкершілік. Жел ұшырып әкелген қоқысты да, кей тұрғындар лақтыра салатын бөтелкені де Гүлайым Сегізқызы ренжімей жинап, қала келбетін әрлендіреді.

– Оңай жұмыс емес, әрине. Қыстың қақаған аязында, жаздың аптап ыстығында қаламыздың тазалығы үшін қызмет етеміз. «Еңбектің наны тәтті» деп қазақ бекер айтпаған. Маңдай термен, адал еңбекпен тапқан әр тиын жанға жайлылық сыйлайды. Ешкімнен кем болмай, бақытымыз болған балаларымызды тәрбиелеп өсірдік. Адал еңбектің арқасында бақытты ғұмыр кешіп жүрмін, – дейді ол.

Ешкімнің ала жібін аттамай, ар-намысқа кір келтірмей өмір сүру қажеттігін балаларының бойына сіңірген ана жұмысына да, отбасы тірлігіне де үлгереді. Гүлайым Қарғабаеваның өмірдегі ұстанымы да – тазалық. Бойы да, ойы да таза жанның жолы ашық болатынын балаларының құлағына әрдайым сіңіріп отырады. Қазіргі кезде немере мен жиендері бар. Бар білген-түйгенін үйретуден жалықпайтын аяулы жан келінін қызынан кем көрмейді. Бұл күнде Құдай қосқан жарымен немере-жиендерінің қызығына бөленіп жүрген нәзік жанды кейіпкеріміз талайға үлгі боларлық.

– Өмірде қиындықтар қай кезде де кездеседі.

Бастысы, сол қиындыққа мойымай, төзе білген, жеңе білген жөн. Түнерген бұлттың артынан сәулесімен жылу сыйлаған күннің шығары анық. Өмірде де солай. Әр қиындықтың артында жүз жақсылық жатыр. Қиын сәтте өмірімің жарқын тұстарын, балаларымың

біз оның қолы ашық, мейірімді әрі пейілді кең екенін байқадық.

Ұлын – ұяға, қызын – қияға қондырған жан өзін бақытты ана санайтынын да жасырмады. Жұбайы екеуінің басты байлығы – балаларының шаттық күлкісі, жадыраған жүздері. Олар бүлдіршіндерін бақытты ету үшін ешқашан анып қалған емес. Нәтижесінде қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқтырмай өсірген балалары оларға «ата-әже» деген өмірдегі ең жоғарғы марапатты алып берді. Бал ғұмыр кешіп жатқан отбасының шаңырағы қазір немеренің шат күлкісіне толы.

БІЗ ҰЙЫҚТАП ЖАТҚАНДА...



жадыраған жылы жүзін еске аламын. Сонда ол қиындықтар бұл бақытты сәттердің қасында жай «ештен» болып қалады, – деп ол өз ойымен бөлісті.

Әсілінде, бұл өмірде жетістікке жететін тек жеңілмейтін жандар ғана. Міне, бүгінгі біздің кейіпкеріміздің де өмірлік ұстанымы сол – мойымау, жеңілмеу. Сондай-ақ ол қолынан келсе, көмек беруден де кенде қалған емес. «Көмек сұраған адамнан ешқашан бас тартқан емеспін. Қандай жағдай болмасын қол ұшын созамын» деген сөзінен

Бір салада 20 жылға жуық еңбек етіп келе жатқан жан қала тазалығы үшін анып қалған емес. «Бұл біздің жұмысымыз болғанымен, кез келген тұрғын қаланың келбетіне жауапты. Табан тіреген жеріңнің көздің жауын алатын көркем болғаны бәріне ұнайтыны анық. Сондықтан әрбір адам тазалыққа аса мән беруі қажет» деп санайды. Расында, «Қызылорда тазалығы» қаланың сұлулық саланы болса, Гүлайым Сегізқызы қаланы әрлендіруші. Сол себептен әр адам осы жандардың адал еңбегін бағалап, жүрген жерін тазалап жүруге міндетті. Табиғаттың тылсым күшіне қарсы шығу мүмкін емес бірақ саналы адам сұлулықты сақтап қалуы керек.

Біздің айтпақ ой бұл емес, әрине. Басты мақсат – Гүлайымдай нәзік жанды жұртқа мақтан тұту. Себебі қиындықты серік еткен еңбектің қиындығына төзе білген, әр түйір нанын адал еңбекпен тапқан ол – нағыз үлгі тұтарлық адам.

Аслан НҰРАЗҒАЛИ
Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ

Әже мен даналық деген сөз бір мағынаны білдіретіндей. Себебі оның ыстық алақаны, жаңға қуаныш сыйлайтын сөз жүрекке жылулық ұлатады. Оның саған деген махаббаты ешқашан кемімейді. Қадірлі кісінің қасында болған кезде өзіңді бақытты санайсың.

Әжемің ауылына тек жазғы демалыста баратынымын. Ол жатағы әрбір күні қызыққа толы. Бізге арнап дайындаған құртын кеппеген күйінде ұрпаулап жейтінбіз. Әжемің дайындаған сары майын нанға жағып үстіне шекер сеуіп жегенде өмірде аспан асқан тәтті дәл жоқ деп есептейтіңіз. Ал оның «Мен» ешкімге көрсетпей жеп ал. Басқалар көрсесұйды деп дүкеннен алып келгенді тәттісін жегенде бақыттан төбен көкке сал жетпей тұратын. Әжем осылайшама жатталып басқалардан қаттырақ жасық көреді деп ойлайтынмын. Бер күні санамдамадай жатталып балалардың керекке жағдай болды Әдеттегідей әжем дүкеннен дәмнен де бальмұздақ алып келіп «Ешкімге көрсетпе» деді. Мен қуаныштан бал-бұл жайнайа, ешкім көрмейтін уйді төбесіне шығып алып, бальмұздақ жеп отырдым. Бер кезде інімді әжем шақырып жатқанын көрдім. Тыңдап қарасама жөем онан да «Ешкімге көрсетпе» деп дәл менікіндей бальмұздақ беріп жатыр екен. Сол кездесе қатты ренжіп, әжемің қасына барып мұнымыз айтым. Ол барлық жағдайды бізге түсіндір берді. Әдем жүрегі барлық балаға мейрім төгеді екен. Ал «ешкімге көрсетпе» деп дәл менікіндей бальмұздақ беріп жатыр екен.

Әже жүрегі



көрсетпе» деп тығып беруінің себебі әр бала оны әжесі қайта жақсы көретінін сезіну үшін екен. Расында, ойлансып қарасам, дәл сол сөз жанына жылылық сыйлап, өзінді өзгеден ерекше сезінуге көмектеседі. Нәтижесінде барлық бала әже махаббатына бөленіп, өзін сенімді сезінеді. Міне, «ешкімге көрсетпенің» астарында осындай сыр жатыр...

Әжеменің қасына жату үшін кезекке тұратынбыз. Бір күні бір немересі, екінші күні өзгесі. Бірақ оның қасына жату үшін арнайы қойылған талап бар. Егер сол күні үй шаруасына көмектесіп, міндетінді жақсы атқарса – әженің құшағы сенікі. Сол үшін бір кезегіміз келгенде ойыннан бас тартып, күн ұзағына үй шаруасына көмектесетінбіз. Құдықтан су тарту, малдың жем-шөбін салу, үй жинауға көмектесу секілді барлық шаруа сенің мойнына артылатын. Кейде тіпті әженің қасындағы ұйқыдан айыру үшін шаруа істеп жүрген баланы қызықтырып, мәзім-мәзім болып тұрғы ойын ойнаймыз. Сонда шын мықты ырғынтазар бала ғана әженің жұл-жылы құшағында ғана ұйқытайтын. Ессене ұл-қыз демей үйдегі шаруаны істеуді үйрендік. Өзіңнің кезегің келгенде қалай қмын болатынын біліп, жинақылық пен тазалықты үйрендік. Қазір қарап отырсам бұл да тәрбиенің бір түрі екен.

Мен әжеміңді бухгалтері едім. Иә, расымен әжеме «пенсия кезде өз «контор» деп атайтын бөлімшеге барамыз. Сол жерде барлық ақ жаулықты әжелерін көресіз. Кезек келгенге барамыз, әйел адам ақша береді. Оны алып үйге келеміз. Сосын әжем азын-аулақ ақшаны мың-қырық бөлікке бөлетін. Аняның баласының тойы, мынау жаңа үйіне көшеді, анау жаңа көлік алды... Осының бөріне көрімізді, шашу ретінде ақша бөлінеді. Оның үстіне сол ақшаның шінде бітез бөрілетін «процент» бар, ұйып алып келетін тәттілер бар. Солардың бөріне әжем ақшаны бөледі маған тапсыратын. Нәтижесінде мен санауды әрі өсе келе үнемдеуді үйрендім.

Мен тамнаймын туыс көп. Әзіздер жапсы туысандар
катырын толтыруға күмә болды. Бізді де олармен таныстырып
жетурін. Қай үй қонаққа шақырса сонда қасина ертп алып кетеді.
Оның қасина отырсаң дастарқандағы кез келген тағамды жей аласы
Сосын «Мынау кімнің баласы?» деген әр адамға таныстырып отырды
Ал қонақтан қайтып бара жатқанда сол адамдардың барлығын сағ
таныстырады. «Ертең өскен сен бір-бірінді іздейсіңдер. Сол кез
түсінесің» деп айтады. Расымен, уақыт өте келе туыстық қарым
қатынастың маңызы зор екенін білдік.

Жалпы әжемің бізге берген тәлім-тәрбиесі саусықпен санауға келмейді. Оның жанында өткен әр минут өмірдің әр кезеңінде сен болатын ақыл мен парасатқа толы. Әжемідей құрметті кісі адамды бөбек балапан сендіріп, жаныңа жылулық ұялатады. Міне, осы себептен менің өмірімнің жарқын тұстары, балғын балалық шақтағы бақытты кездерім – әжеміңң үйіндегі күндермен байланысты. Өсе келе ол кісінің әжелік махаббат пен ақыл-парасатты ұштастыра білгенін таң қаламын.

Қазіргі кезде де көп уақытымды қолдан келсе сол аяулы жанның қасында өткізіп келеді. Себебі бара қалсан жүзі бал-бұл жайнап, жас балаша қуанып жаныңнан бір елі шықпай қояды. Сексеннің сенгіріне шыққан асыл жесем «Балмұздақ алып жерсін» деп қалтана ақша тығуды әлі қоймаған.

Аслан ЖАЙҚОНЫСҰЛЫ

Оқырман қауымға
Әзілхан Нұршайықовтың
есімі жақсы таныс.
Майдангер қаламгердің
«Махаббат қызық
мол жылдарын»
жастығымыздың астына
жастана оқып, «Ақиқат
пен аңызшан» рұхтана
енсе тіктеген жан едік.
Бүгін жазушының
қазақ қыздарына
айтқан өсиетін ұсынып
отырымыз.



жарызырак, бул элем

Халық даналығында «Алтын анадан туады» деген тәмсіл бар. Осы сөздің өзінен болып шығын анылықпен байланыстыратын қыздардың өмірі тағалыммен өрілу қажеттігі айтылып тұрғандықтан көрінеді. Небір ғалымдар мәселелі билеген патшалардың өзі аналардың алдын, алдымен дәрменсіз. Ананың бойындағы қасиеті балаға ақ сүтпен тәлімі арқылы беріледі. Зере мен Ұлжандар аналардың тәлімін алған Құнанбай мен Абай тарихы тұлғаға айналды. Шоқан да

тәрбиесін көрген. Көктем мерекесінің қарсаңын,
тарихта аты қалған аналар мен қыздар жайлы қала
тербегенді жөн көрдік.

Арғы-бергі тарихқа үңілсек, Ұмай ана, Тұмар патшайым, Зарина ханшайым, Бегім ана, Домалак апаларының тұлғалары кездестіреміз. Сақ патшайымы Тұмар әлемді жаулап алу үшін соғыс ашқан парасатшасы Кирдің көзін жойған. Ал, Ұмай, Бегім Домалак аналар парасаттылығымен дараланы әулиелігімен ерекшеленген.

Тарих қойнауынан сыр шертетін батырлар жырында да қаһарман ерлерге ерекше күт жасайтын да аттарын бағтайтын да өмірлік жарлар екендігі айтылады. Көркем тілмен өрнектелген жырларда Гүлбаршын, Назым, Күртқа сынды басқа да арулардың бейнесі сомдалады. Алпамыс Қобыланды, Ертұрғын секілді батырлардың ерлі істері ұрпаққа ұран болып мирасталады. Батырлар

жырындағы әйелдер бейнесі өрнектелгенде олардың аналары да ерекше шабытпен жырланады. Қалай десек те қазақтың қаһарман қыздарының ерліктері тарихқа алтын әріптермен жазылып, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болары сөзсіз.

Қазақ арасында ерлермен бірдей ел шебін жаудан қорғаған арулар көп болған. Соның бірі – әйгілі Қабанбай батырдың жұбайы Гауһар анамыз.

Жауынгер қыздардың қатарына Абылайханның қызы Айтолқыны да қосуға болады. Ол да қазақ-жонгар соғысына қатысып, сан мәрте ерлік көрсеткен. Сондай-ақ Есенбике, Жандалы, Әйбике, Ақбикеш, Ботагөз, Бакты, Қойсана, Айғыз секілді батыр аналарымыз болған. Қазақ қыздарының ерлік істері мұнымен бітпейді. Бұл жерде айтылмай калғандары қаншама. Ұлы Отан соғысында да қазақтың қарақөздері жанқиярлықпен шайқасқан.

Шығыстың соқ жұлдызы атанған Әдия менен Мәншүктің ерліктерін күллі әлем мойындайды. Ал ұшқыш қыз Хиуаз Доспанованың өзі талай анализға бергісіз ерлік жасаған. Сол сұрапыл соғыс жылдарында елде қалған аналарымыз бен аналарымыз қиындыққа моймай ерен еңбектің үлгісін көрсетіп, соғысқа кеткен ерлердің орнын жоқтатпады. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасында да Ләззат пен Сәбира сынды қыздардың қайсарлық танытқанын күллі қазақ жұрты біледі.

Казақ отбасында қыз баланы төрге отырғызды.
Мұнысы – ертеңгі күні бөтен үйдің келіні болатын.
баласына көрсеткен құрметі. Қыз баланы жат
жұрттың дейтініміз де сондықтан. Оларға болашақ
ана ретінде қарап, барынша ибалы, инабатты
етіп тәрбие берген. Сондай тәлім көрген арулар
болашаққа бүтін бір елдің анасына айналып, күллі
жұрт құрмет тұтқан кейуана дәрежесіне жеткен.
Нұх пайғамбар жайлы айтылатын мына бір оқиға

қазақтың қызды төрге отырғызатын ұғығымен сабақтассып жатыр.

Нұх пайғамбардың Дам, Сам, Жаплас деген үш ұлы және Уәсила деген қызы болыпты. Пайғамбар үнемі қызына құрмет көрсетіп, оған мүлде дауыс көтермейді екен. Ол да әкеңің қалауын қабағынан түсінетін сұңғалы болып өседі. Нұх дастархан басында отырғанда үнемі қызын үш ұлынан жоғары, төрге отырғызды екен. Бұл үлкен ұлы Самның көңіліне күдік салыпты. «Уәсиланың жасы бізден кіші. Неге менен жоғары отыруы керек. Әкеміз бізді алаалайды-ау» деп ойлайды. Бір күні дастарханда отырғанда:


– Әке, Уәсила кіші болса да неге бізден жоғары отыруы керек? Ұлдың мәртебесі әрқашан биік емес пе? – дейді. Нұх:

– Біздің ырзық-несібеміздің көп болуы Уәсилаға байланысты. Құт қызды жағалап жүреді. Оны босағаға отырғызсаң, шамданады. Төрге шығарсаң, қуанады. Орны жайлы болса, дастарханнан астағамды үзбейді. Тұрмысынды түзейді, – депті.

Содан бастап Нұхтың үш ұлы қарындасын төрге шығарып, құрмет көрсететін болыпты.

Қазақтың анағар жазушысы Мұхтар Әуезов: «Жұмақтың кілті ананың табанының астында» деп, қашанда тіршіліктің бастауында аналардың тұратынын айтып өткендей. «Баламның табанына кірген шөңге мандайыма қадалсын» дейтін аналар қауымы жылы жүрегімен, нұрлы жүзімен адамзат баласына шаттық сыйлап келеді. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететін аналарға қандай құрмет көрсетсек те артықтық етпейді.

Әзиз ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ



Қыздарға өсиет

Кыздар! Егер сүйген жігіттеріне сүйікті болындар. Егер ата-енеге қымбатты келсе болындар. Егер ертен шәкірттеріне үлгілі ұлы болындар. Өздерінді алақанға салып, әрі перзент, асыл азамат боламын десендер, онда ерте тартқанда, келісті ана, киімнен еңбекшіл болындар. Әдебиеттің қолына. Сонымен бірге ақылдың қолына қымбатты болындар, сендерден еңбекшіл болындар. Енді біздің Дүниеден ен сұлу әйел – ерге сүйікті, елге сүйімісін өзінің өтімді қыз болғанымен, тек оған ғана жақсы жігітті өкіндіріп алады.

Кыздар! Ұйымшыл болуырыскак болмандар. И болыңдар, ұйымшыл болыңдар, елтіп, сәнге еліктей беріңдер, аттын емес» дегендей, т емес. Олардың ішінен т денене жарасымдысы, ұнамдысы ғана сәнге не жараспайтын болмандар. К

Құр сәнқойлықтан сақтанындар.
Сананы сәнге емес, сәнді санаға ба-
ғындырындар.

Қыздар! Желкілдеген
жеңілтек болмаңдар! Жел-
пілдек қызды жебір жігіттер
жентектеп ауыздарына бір-ақ қылғы
салуға құмар келетінін ұғындар, ұм-
пандар... Сабырлы болындар, салиқ
болындар, салауатты болындар, қарақия

Кыздар! Сүк көзден сактаныңдар. Сүлү сөздөн сактаныңдар. Шынайы махаббат мактауды кажет кылмайды. Орынсyz мактаудан сактаныңдар, абыройдан атаудан сактаныңдар. Пок болыңдар! Пок болу үшін сактаныңдар, бауырларым! Алайда казір сендердің жігіттерден көз алмайтын, жігіт жакка карайлан көп карайтын шақтыры гөй бул эк. Карағанда олардың сыр-сыкына, киген киіміне, ресторанда калталарынан шыгырлатып шыгарган ачкашларына карамаңдар, карактарым. Өнді кыздың болу жөнді жаксы бола бермейтін сыякты, жылытырағанның, жымьындағанның, жылылдағанның бөр бірдей жаксы жігіт бола бермейді. Жаман жігіт болганмен, жаксы жар бола бермейді. Сондыктан жігіттерге караганда олардың ішкі дүниесіне үнілдер, адамгершілік, азаматтық сапасына көз жүгіртіндер...

Жігіт таңдағанда көңіліңнің қос қанаты ақыл мен сезімді тең ұста. Тек сүйген жанға ғана қосылу қажет, қосылған жігітіңді өмір бойы сүйіп өтетіңізге кәміл сенімің болсын. Өзімшіл, өркөкірек жігіттердің өкінішке ұрындыратынын ұмытпандар. Жаман жолдастан жалғыздық жақсы...

Газеттің келесі саны сәрсенбі, 10 наурызда шығады.

Меншік иесі:  жауапкершілігі шектелуі серіктестігі	Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ	Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009) Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022) Жауапты қатысу бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 1999 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталғы» қалалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аптасына 2 рет, сейсені, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына авторын, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПІС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖПІС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68 Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Байбейрес Сұлтан көшесі 4 А.
	Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталғы» газетінің редакциясы	Газеттің негізгі қалаған ӘЙЛІХАН БӨЙМЕН		Таралымы 4850 Талсырыс №334
	Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ	Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Байбейрес Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.		Нөмірдің кезекші редакторы Еркін ШАМШАДИН